Құрметті ұйымдастырушы!

*Мен Electric Motor Service атынан лот №14827910-1 бойынша мемлекеттік сатып алу конкурсына қатысты келесі мәселелерді назарларыңызға беремін: Қатысушы ЖШС " **Alshin-West**" ұсынған құжаттарында бірқатар сәйкессіздіктер мен кемшіліктер анықталды. Атап айтқанда, "**Инвентарная карточка учета долгосрочных активов**" құжатында "**Полное наименование и назначение**" бөлімінде "**Токоизмерительные клещи UNIT UT 202R**" деп көрсетілгенімен, "**Наименование, характеристика**" графасында мүлде басқа өндірушінің өнімі – "**Токоизмерительные клещи 266, 266C, 266F EXPERT**" көрсетілген. Бұл екі түрлі құрылғы, екі түрлі өндірушінің өнімі екенін ескере отырып, мұндай сәйкессіздік – маңызды қателік болып саналмайма. Сонымен қатар **осы атылған мекемеде де** және ЖК **Teknik Motor Atyrau** да бұған дейінгі жұмыс тәжірибесі туралы ақпараттар ұсынбаған. Бұл да конкурс талаптарына толық сәйкес келмеуді білдірмейме. Мен осы лотқа **үшінші рет** қатысып отырмын, бұған дейінгі конкурс барысында менің тарапымнан болмашы ғана сәйкессіздік үшін өтпей қалған едім. Ал бұл жолы нақты кемшіліктерге қарамастан басқа компанияның жеңімпаз болып танылуы – **конкурстық комиссияның талаптарды бірізді және әділетті түрде қолданбағанын көрсетеді** деп есептеймін. Мемлекеттік сатып алу конкурстарына қатысу барысында біз шартты жеңілдіктердің (**условные скидки**) қолданылуына байланысты, яғни соның кесірінен ұтылып отырмын. Шартты жеңілдіктер ірі компанияларға басымдық беріп, нақты баға ұсынысымызбен техникалық мүмкіндігіміз бәсекеге қабілетті болғанына қарамастан жұмысты ұтып ала алмай қалып отырмыз. Нәтижесінде бізде **қаржылық тұрақтылық көрсеткіш (Показатель финансовой устойчивости)** төмен болуда, басқада конкурстарға қатысып ұту мүмкіндігіміз аз дегенді білдірмейме. Сіздер осы секілді мемлекеттік жұмыстарды бермесеңіздер біз қалай дамимыз, **шартты жеңілдік мөлшерін қалай көтереміз?** Бұл жағдай әділ бәсекелестікке нұқсан келтіреді және мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі ашықтық пен тең мүмкіндіктер принциптеріне қайшы келеді деп есептеймін. Сол себепті, **шартты жеңілдіктер механизмін қайта қарастыруды** немесе **шағын бизнес өкілдеріне қолдау көрсетуге бағытталған балама тәсілдерді енгізуді** сұраймын.*

Құрметпен,
Махметов М.С.

ЖК Electric Motor Service

E.M.S
ELECTRIC MOTOR SERVICE
ИИН 840918300917

5 маусым 2025 жыл.

AnyScanner